

**Қазақтың жері – өс-келең үрпаққа ата-бабамыздың қалдырыган аманаты. Аманатқа адальық таныттып, сүйем жерді көздің қарашығында қорғау онай шаруа емес. Әсіресе, жерге орналастырушы және жер кадастры маманынан үлкен жауапкершілік пен ұқыптылық талап етіледі.**

Жер телімін анықтап, орналастырушы инженер шаруа қожалағының жерін өлшеп, қазығын қағады. Ал, кадастр маманы жердің бағасын, құнын мерзіміне сайесептеп отырады. Бұл мамандарға деген сұраныс әрдайым жоғары.

Алғаш рет инженер ретінде жер өлшеуге Оңтүстік Қазақстан облысының ғылыми зерттеу орталығында до жыл

# ЖЕР – ЖАС МАМАНҒА АМАНАТ

еңбек сініріп зейнетке шыққан ұстазым Жақыпбек Есқараев ағамызben бірге бардым. Оқиға күні кеше болғандай санамда жаңғырып тұр. Наурыз мерекесі болатын. Ел Наурыз тойына дайындалып жатқан кезде, Жақаң жер өлшеуге дайындалып жүр. Құрал-сайманын түгелдең, дайындалды. Кабинеттің есігін ашып, көлік дайын екенін айтты. Жиналышп жолға шықтық. Бір уақытта Төлеби ауданына кірдік. Табигаттың бар көреметін осы жерге тұндырып қойғандай. Шаруа мал шаруашылығын кенектү мақсатында жайылымына 100 гектар жер қосып жатыр екен. Жақаң алғашқы нұктені тауып, қазықты қақты. Кешкүрим жерді өлшеп, төрт қазығын қағып біттік. Ұстазым нұктे-

лерді картага түсіріп, актіні жердің егесіне ұсынды. Шаруаның қуанышында шек жоқ. Шаруа жұмысының дер кезінде әрі сапалы аяқталғанына қуаныш, алғысын білдіріп жатты. Яғни, маман жер телімін дұрыс белгілеп, бөлсе, ешқандай жер дауы тумайды.

«Жер дауы – ел дауы» деңгендеге қазақ бекер айтпаған. Қазақ ұлан ғайыр жеріне көз тіккендер де көп. Бұрын бабаларымыз наизаның ұшымен қорғаса, енді біз білімізben қорғауымыз керек. Әрбір маман өз кәсібінің иесі боламын десе, еліміздің «Жер туралы» занын жатқа білу керек. Шаруа қожалықтар көбейсе, жер бос жатпайды.

Жер ресурстарының құнаржылығы адамдардың іс-әрекетіне тікелей байланысты. Қор-

шаган ортаға зиянсыз технология қолданылса, соғұрлық топырақ ластанбайды. Алайда, бүгінде топырақ сапасы жылдан-жылға төмендеуде. Пестицидтер мен тыңайтқыштар, мұнай өнімдері, енеркәсіп кәспорындарының қорғашан ортаға тастаған қалдықтары, түрмисстүк қалдықтардан келетін заалалды 1-2 жылдың көлемінде қалпына келтіру мүмкін емес. Сондықтан жас мамандар алдын алу шараларын жүргізу мен қадағалауды қолға алуы тиіс.

**Г.САНДЫБАЕВА,  
М. Эуезов атындағы ОҚУ  
«Су ресурстары,  
жерге орналастыру және  
агротехника»  
кафедрасының  
окытушысы**